

**Қызылода қаласы бойынша білім бөлімі
№ 280 орта мектебі**

**2022-2023 оқу жылында Тәрбие жұмыстары бойынша атқарылған жұмыстар
ЕСЕБІ**

Мектеп директоры



Ж.Кумекбаева

**Мектеп директорының тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары**



М.Прманов



I. МАҚСАТЫ

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы білім беру ортасын құру.

II. МІНДЕТТЕРІ

- Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына, тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету;
- Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның Қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету;
- Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
- Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету;
- Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;
- Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату;

III. НӘТИЖЕ

Тәрбиелік шаралар арқылы оқушылар өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасайды, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарап, оларды тиянақты орындайтын дәрежеге жетеді. Халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетін қастерлеп ұстауды үйренеді. Мектепте басқа да әлеуметтік ортада оқушылардың өзін әдепті ұстауға, жан-жақты дамытуға тырысу, өзгеріп жатқан өмірге икемделу сияқты қасиеттерді бойына сіңіруге саналы түрде бет бұрыс жасайды.

1 ҚЫРКҮЙЕК- БІЛІМ КҮНІ

№ 280 орта мектебінде дәстүрлі Білім күніне арналған "Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық" тақырыбындағы салтанатты жиын және ашық сабақтар өткізілді.

<https://www.facebook.com/mektep280/posts/pfbid0SmY2bcpVSVRdm7VSAcat3XpdfKZpXgDBmuKchMJd5ZgdrmUjDDmEi22xUisHWS1ml>

ЖАЛПЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ БІЛІМ БЕРУ САҒАТЫ

Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты М.М. Ахметжановтың тапсырмасы негізінде Қызылорда қалалық полиция басқармасының тергеушісі полиция капитаны 8 – 10 сынып оқушыларына жалпы құқықтық білім беру сабағын өткізіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

<https://www.facebook.com/share/p/zJLGm2P7SXupgj3n/>

ҰЛТ ҰСТАЗ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 150

Қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Осыған орай Қосшыңырау ауылдық округінде орналасқан Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне қарасты №280 орта мектебінде Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен 2022 жылғы 7 қыркүйекте қазақтың біртуар тұлғасы А. Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған жалпықазақстандық ашық диктант өтті. Диктанттың тақырыбы- "Ахмет Байтұрсынұлы- дәуірдің дара тұлғасы".

<https://www.facebook.com/share/p/9ixKt44FYH47GCqn/>

«ЖАС ҰЛАНЫҢ ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЫЛЫ» ЖЫЛДЫҚ АКЦИЯСЫ

Балалар жылы» аясында «Жас Ұланның жұлдызды жылы» жылдық акциясына сәйкес, 2022 жылдың 7-ші қыркүйек күні «Жас Ұланнан шыққан жұлдыздар» атты тақырыпта, тәрбие үдерісінде ұйымның жұмыс бағыттары бойынша мектебіміздегі белсенді жас ұлан және жас қырандарымызды, мектеп мақтаныштарын атқарған жұмыстарына ризашылық білдіру мақсатында, бейнеролик жасалды. Домбырашылар, жас бишілер және өте белсенді оқушыларымыз. ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ! Әрдайым сәттілік тілейміз! Жас Ұлан жұлдыздары тақтасынан үнемі көріне беріңіздер! Өмірлеріңіз бақыт пен шаттыққа толсын! АЛЛА зейіндеріңізді ашсын!

<https://www.facebook.com/share/v/2eCV7yiK8LUHfzBN/>

«МЕНИҢ ҚЫЗЫЛОРДАМ!» АТТЫ ІС-ШАРА

«Балалар жылы» аясында 2022жылдың 15 қыркүйек күні мектеп АКТ залында «Менің Қызылордам!» атты іс-шара өтті. Іс-шара қала күніне арналып, ұйымдастырылды. Іс шараға 1-9 сынып оқушылары қатысты. Мектебіміздің орыс тілі пән мұғалімі Гүлмира Сейілханқызы құттықтап, сөз сөйлеп, іс-шараны ашты. «Гүлдерай» би тобы «Өзбек биі» атты би биледі. «Ауылға сағыныш», «Қызылордам», «Жақсы адамдарым!» және домбырашылардың орындауында «Ақбұлақ», «Ой, жайлау!» әндері орындалды. Қала күні мерекесіне 1 сынып оқушылары да тарту жасап өлең шумақтарын айтты. Оқушыларымыз бүгінгі мерекелік іс-шараға өте белсенділікпен қатысты. Көрермендерге жақсы мерекелік тарту болды. Бұл іс-шараны мектеп тәлімгері және мектеп белсенділері ұйымдастырды. Мереке құтты болсын! Қаламыз жайнай берсін!

<https://www.facebook.com/share/p/pQJpVLQxqeQUenUr/>

1 ҚАЗАН - ҚАРТТАР КҮНІ

Осы күн Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1990 жылғы қаулысымен арнайы белгіленген болатын. Содан бері мереке елімізде кеңінен аталып өтіліп келеді. Негізінен бұл күн – аға ұрпақтың қоғам өміріне қосқан үлесіне шынайы ризашылық білдіретін және қамқорлық көрсететін ерекше мейірімге толы күн.

<https://www.facebook.com/share/v/rGYqiU3ZovVzUGb3/>

“ОҚУҒА ҰМТЫЛ” ДЕБАТТЫҚ ЖИЫН

280 орта мектеп «Жалындаған жастар» дебат клубының жаңа оқу жылына жұмыс жоспары бойынша дебат клубының жетекшілері Жидебаева Құралай Сабырбекқызы “Оқуға ұмтыл” атты дебаттық жиынын өткізді.

Пікірсайыс мақсаты: білім алушылардың жан-жақты дамуы мен олардың азаматтық белсенділігін арттырып, қоғамда дұрыс саяси бағдарларын қалыптастыру, сонымен қатар дебат қозғалысына жаңадан келген 7 - 8 сынып оқушыларына дебат құрылымын түсіндіру.

<https://www.facebook.com/share/p/HLLQdUA3BeFHv8oJ/>

«ЦИФРЛІ ҚАЗАҚСТАН»

21 қазан цифрландыру күніне орай мектебіміздің жоғары сынып оқушыларына мемлекеттік қызмет көрсету порталдарымен жұмыс жасау барысы түсіндірілді. Заман талабына сай барлық саланың цифрлы жүйеге көшкені республика азаматтарының жұмысын жеңілдетіп, кез-келген істі тез орындауға мүмкіндік беретіні анық. Оқушылар өмірлік қажеттіліктерге сай порталдармен жұмыс істеуді үйреніп, ақпараттық саладағы білімдерін толықтырды.

<https://www.facebook.com/share/p/Npf45owZKYgna8Jc/>

«АТАМЕКЕН» ТАҚЫРЫБЫНДА ПАТРИОТТЫҚ ДИКТАНТ.

2022 жылы 12-18 қазан аралығында Республика күні аясында №280 орта мектебінде «Атамекен» тақырыбында патриоттық диктант өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/tiYfFxDRoe3L2mMZ/>

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕ!!!

<https://www.facebook.com/share/v/SHvegLuoBKZdtWAF/>

ЖОЛДА АБАЙ БОЛ, БАЛАҚАЙ.

Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол–көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Жол - көлік оқиғаларының зардабынан көбіне балалар зардап шегуде. Оның себебі – кейбір мектеп оқушылары жолда жүру ережелерін әлі де болса нашар біледі. № 280 орта мектебі жол-көлік оқиғаларын алдын алу мақсатында «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік» тақырыбында сынып сағаттар сериясын өтізді. Сонымен қатар ата-аналарға жарық сәулесін түсіргіштердің (фликер) қажеттілігі жайлы ақпарат берілді.

<https://www.facebook.com/share/p/VK6D7P4vfoVM8iQw/>

БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ

№280орта метебі жоспарға сәйкес қыз балалардың өтпелі кезеңде болатын физиологиялық өзгерістері жайлы дұрыс мәлімет беру мақсатында мектеп психологы Жидебаева Қ, мектеп медбикесі Тобаликова Г, арнайы мамандарды шақыру арқылы 7-9 сынып оқушыларымен (қыздармен) кездесу ұйымдастырды.

Кездесудің басты мақсаты: бала құқықтарын насихаттау, темекінің адам ағзасына зияны туралы, ЖҚТБ туралы салауатты өмір салтын насихаттау.

<https://www.facebook.com/share/p/zAdJnzbYBu4H2NWu/>

«БАҚЫТТЫ АНА-БАҚЫТТЫ БАЛА-БАҚЫТТЫ ЕЛ»

2022-2023 жылдың қарашаның он бірінші жұлдызында «Бақытты ана-Бақытты бала-Бақытты ел» көпбалалы ата-аналармен кездесу өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/NiMH5JopmqnYJZXz/>

"ЖОЛ ҚАУПСІЗДІГІН САҚТАЙЫҚ!"

«Бала құқығы-адам құқығы» он күндігі аясында № 280 орта мектебінде мектеп оқушыларына жолда жүру ережелері, жол көлік профилактикасы жұмыстары өтті. ҚЖПБ бөлімінің қызметкерлері жолда жүру ережелерін, түнгі мезгілде жарық шағылстырғыш стикерлердің пайдасын түсіндіріп өтті.

Сонымен қатар қысқы мезгілде от жағу, газ құрылғыларын, электр құрылғыларын пайдаланудағы сақтық шараларын айтып өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/D7jJ5AiVdDmVHfp4/>

«КҮЗ СЫЙЫ – 2022» АТТЫ САЙЫС

«Балалар жылы» және «Жұлдызды жас ұлан» жылдық акциясы аясында іске асырылатын шаралар жоспарына сәйкес, мектеп тәлімгері мен парламент мүшелерінің ұйымдастыруымен, мектебімізде «Күз сыйы – 2022» атты сайыс өтті. Бұл сайысқа 5-7 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Мерекелік көңіл-күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс-әрептерге тарту, бейімділіктерін арттыру, Шығармашылық ой-қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата-аналар қауымымен тығыз қарым-қатынас қалыптастыру. Сайыс 5 кезеңмен өтті.

1 –кезең : Таныстыру

2 – кезең: «Күзгі вальс»

3 –кезең : «Өнерің өрге жүзсін»

4 –кезең : «Сән үлгісі»

5 –кезең : «Сұрақ-Жауап»

Барлық оқушылар жақсы өнер көрсетті. Сайыс болған соң жеңу де, жеңілу де болады.

Сайыс соңында әділ қазылар алқалары қорытынды жасап, марапаттарын тапсырды. 6 «А» Қойшыбай Жансая, Әслім Әділет «Бас жүлде»

5 «А» Табылды Айшабибі, Шакимарат Мерей «Өнерлі жұп»

6 «Ә» Ұзақбай Құралай, Абытхан Нұрхан «Сәнді жұп»

5 «Ә» Алтынбек Жанель, Өмірзақ Әділет «Ең креативті жұп»

7 «Ә» Зинебек Акниет, Сейділда Досымжан «Вальс гүлдері»

<https://www.facebook.com/share/p/1kbxkcwHr4eBDMwu/>

“ЖАСАЙ БЕР, ЖАЙНАЙ БЕР, ҚАЗАҚСТАНЫМ!”

Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан туралы оның Тәуелсіздігі мен егемендігі турал мәлімет беру.

Оқушыларды Тәуелсіз елін, жерін сүюге қадірлеуге, өз елінің ұлт жанды патриоты болуға баулу.

<https://www.facebook.com/share/p/9EccZ97JJD37FQby/>

«ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН КЕСЕЛ»

№ 280 орта мектебі 2023 жыл 1 ақпан күні «Қолдан жасалған кесел» тақырыбында дәріс өткізді. Құқықтық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында есірткінің заңсыз айналымының жасөспірімдер арасында белең алмауының алдын алу мақсатындағы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Атап айтатын болсақ, 8-10 сынып оқушыларына ОПД ЕҚКІББ-мен мемлекеттік тілде ұсынылған бейнежазбаны сынып сағаттарында көрсетіліп, ата - аналарға жолданып, түсіндірме жұмысы жүргізілді

<https://www.facebook.com/share/p/C9VzSAd3PQaDX55F/>

"ЗАМАНЫМЫЗДЫҢ ЗАҢҒАР ЖАЗУШЫСЫ"

7-сынып оқушыларымен Мұхтар Әуезовтың туғанына 125 толуына орай "Заманымыздың заңғар жазушысы" тақырыбында ұйымдастырылған сыныптан тыс оқуға қатысып, белсенділік танытқан топтарға жазушы—Дүкенбай Досжанның "Келіншек асуы" кітабы сыйлыққа берілді.

<https://www.facebook.com/mektep280/posts/pfbid0pzm6c7TxquhNwDHwfbuACa3zgMVstQGM2HNwSfnyDtgjSkEWSebwj9kBgSampKf9l>

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ПЕН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН-АЛУ

№280 орта мектебінде ювеналды полиция өкілі Бегімбаева Г.Ж. қатысуымен оқушылар арасында құқық бұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын-алу мақсатында кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушыларға Қазақстан Республикасының заңнамалары түсіндірілді. Сондай-ақ, оқушылардың түнгі мезгілде заңды өкілінсіз көшеде, ойын-сауық кешендерінде компьютерлік клубтарда жүруге болмайтындығы аталып өтті. Кездесу соңында оқушылар көкейіндегі сұрақтарын қойып, ашық жауап алды.

<https://www.facebook.com/share/p/MJ9f4dtGZxYVYTVV/>

«ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН КЕСЕЛ»

№ 280 орта мектебі 2023 жыл 17 ақпан күні «Қолдан жасалған кесел» тақырыбында дәріс өткізді.

<https://www.facebook.com/mektep280/videos/534469472135610/>

«МУЗЕЙ САҒАТЫ»

Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, «Музей сағаты» жобасы бойынша 2023 жылдың 16 ақпан күні, мектебімізге , Қызылорда қаласының тарихи жылжымалы көрме музейі келді. Қор сақтаушы Байділдаева Бақыт және ғылыми қызметкер Жадыра Мадикызы музей заттарымен оқушыларды таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Музейге мектебіміздегі 0-9 сынып оқушыларының барлығы қатысып, тамашалады.

Мақсатымыз: Жергілікті музейлермен ынтымақтастықта музей сағаттарын ұйымдастыру.

<https://www.facebook.com/mektep280/posts/pfbid02xzTzXRAsGVfRKBgp8gAp2LGSHW2inD7gAAs3JNeSiCr8ApX9gPqbbSggN9sMspqal>

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІНЕ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Ата-аналардың назарына.

"Бала жоғалды. Куәгерлер бейтаныс адамның баланы ертіп бара жатқанын көрген".

Осындай ақпарат жиі тарайтын болып кетті. Бұның алдын алу үшін балаға бөтен адамдармен қалай қарым-қатынас жасау керек екенін үйрету керек. Ата-ана назарына бала қауіпсіздігіне арналған 10 ережені ұсынамыз.

<https://www.facebook.com/share/v/uL2WpSLjBhiqYuod/>

ҚҰҚЫҚ САҒАТЫ

Қазақстанда 2018 жылдың басынан бері кәмелетке толмағандарға қатысты екі мыңға жуық қылмыс тіркелді. Соның жеті жүзден астамы жыныстық тиіспеушілігіне қарсы (зорлау, жас балаларды азғындық жолға түсіру, он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас). Балаларды түнгі уақытта көшеде немесе қоғамдық орындарда жүру кезінде болуы мүмкін қауіпті жағдайлардан қорғау үшін «коменданттық сағат» енгізілген.

<https://www.facebook.com/share/p/LyGX7y9TXiPCnED3/>

«ТЕАТР ТӘЛІМІ» ЖОБАСЫ

Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, 2023 жылдың 22 ақпан күні мектебімізде мектеп тәлімгері мен АӘД пәні мұғалімінің ұйымдастыруымен «Театр тәлімі» жобасы аясында, Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығуына 34 жыл толу мерекесіне орай, мектеп оқушылары «Әскерге шығарып салу» атты қойылым қойып, көрсетті.

Қарапайым қазақ баласының әскерге аттанып, Ауған соғысына қатысып, елге оралуы оңай болмағаны жөнінде көрініс көрсетілді.

Мақсатымыз: Мектеп театрын жүргізу арқылы балалардың шығармашылығын дамыту. Оқыған кітаптары арқылы шығармаларды сахналау. Көріністер қою. Танымдық сағаттар өткізу.

<https://www.facebook.com/share/p/emSDArN8GpvofMh/>

«МЕН СИЯҚТЫ ЖАСА» ЖӘНЕ «ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАП ЖАРЫС» АТТЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯ

«Алаш ұлағаты – Ұландар үнінде» жылдық акциясы аясында, өтіп жатқан «Оқуға құштар ұлан» жобасына, 2023 жылдың 14 наурыз күні, «Мен сияқты жаса» және «Жақсылық жасап жарыс» атты қайырымдылық шарасы өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/id4KM27xfQLLAFNg/>

«ДОМБЫРАШЫЛАР ЧЕЛЛЕНДЖІНДЕ...»

Төл өнерімізді төрге оздырар жас таланттарымыз «Домбырашылар челленджінде...»

<https://www.facebook.com/share/v/QruA3XZMDp5d3dFc/>

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР МЕРЕКЕСІ

№ 280 орта мектебінде жыл басы Наурыз мерекесі қарсаңында ұлттық ойындардан сайыстар өтті. оқушылар арқан тарту тоғыз құмалақ, бес тас, асық атудан мықтыны анықтады

<https://www.facebook.com/share/p/meDqXBofEkrWKSjm/>

ШАХМАТ ОЙНАУ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЧЕЛЛЕНДЖІ

Шахмат – зейінді, интеллект пен логикалық ойлауды дамытатын балалар мен ересектерге арналған танымал спорт түрі. Аталмыш ойын оқушылардың зейін, сыни тұрғысынан және логикалық ойлау, шешім қабылдау, стратегиялық жоспарлау, шығармашылық талдау, қабылдау және бағалау сияқты ақыл-ой қабілеттерін дамытады.

Республикада алғаш рет өткізіліп отырған және республиканың мәдени өміріндегі бірегей оқиға болып табылатын шахмат ойнау челленджіне мектеп оқушылары мен мектеп ұстаздары да қатысты. Челлендждің міндеттері оқушылардың ой-өрісін кеңейту, ақыл-ой белсенділігін арттыру, логикалық ойлау, есте сақтау, аңғарымпаздық пен зейінін дамыту, балалардың бойында табандылық, төзімділік, ерік-жігер, сабырлық, өз қабілеттеріне деген сенімділікті дамыту болып табылады.

<https://www.facebook.com/share/p/8TSnqVNhxBWckX9u/>

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА!

Жастар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында мектеп әкімшілігі рейд жұмыстарын жүргізуде. Көшелерде, ойын алаңдарында, кафе, магазиндерде беймезгіл жүрген оқушы анықталмады.

Қазіргі таңда бала қауіпсіздігі басты назарға алынып отыр, сол себепті бала қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамаған жөн. Осы бағыттағы шаралар, рейд жұмыстары күнделікті жүргізілетін болады. Сондықтан барша ата-аналардан балаларды беймезгіл уақытта қараусыз қалдырмауды сұраймыз.

Қазақстанда 2018 жылдың басынан бері кәмелетке толмағандарға қатысты екі мыңға жуық қылмыс тіркелді. Соның жеті жүзден астамы жыныстық тиіспеушілігіне қарсы (зорлау, жас балаларды азғындық жолға түсіру, он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас). Балаларды түнгі уақытта көшеде немесе қоғамдық орындарда жүру кезінде болуы мүмкін қауіпті жағдайлардан қорғау үшін «коменданттық сағат» енгізілген.

<https://www.facebook.com/share/p/WgRzWkPNs1VDq5rP/>

ТҮНГІ РЕЙД ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Жасөспірімдер арасындағы жанжалдар мен қылмыстардың алдын алу мақсатында мектеп директоры Кумекбаева Жанат пен бірқатар ата-аналар "Досан" ауылына қарасты жасөспірімдердің көп шоғырланатын аумақтарын аралап, жасөспірімдерге түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

<https://www.facebook.com/share/p/E3JDWbAgzU9B67WU/>

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ

ҚР Еңбек заңнамасында 16 жасқа толған азаматтарды ғана жұмысқа алуға болады.

Жекелеген жағдайларда 15 жастағы, кейде 14 жастан бастап, мектеп оқушылары сабақтан бос уақытында, денсаулығына зақым келмейтін жағдайда жұмыс істей алады.

<https://www.facebook.com/share/p/bGh4L467TVe8gR8s/>

«7 мамыр Отан қорғаушылар күні» және «9 мамыр Жеңіс күні»

«7 мамыр Отан қорғаушылар күні» және «9 мамыр Жеңіс күні» мерекелеріне орай «Ер – елінің қорғаны» атты іс шара өтті. Осы мерекелік іс-шарада 2 сынып оқушылары «Жас Қыран» ұйымына қабылданды. Мерекелік үлкен шара болды. Жас Ұлан ұйымының белсенді оқушылары өнерлерін көрсетті. Әндер айтылып, билер биледі және мерекеге сай көріністерде көрсетілді.

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/Ra8HcMot15KUQUVo/>

«JAS ULAN TEAM» ЖАС ҰЛАНДАРДЫҢ ЕРІКТІЛІК АКЦИЯСЫ

«Jas Ulan Team» жас ұландардың еріктілік уақыты акциясы бойынша «Мен сияқты жаса» және «Жақсылық жасап жарыс» атты қайырымдылық шарасы өтті. Бұл шараға мектебіміздегі 8 сынып жас ұландары қатысты.

<https://www.facebook.com/share/p/bSffeMbBpVG1wc9D/>

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОДАН ҚОРҒАНУ ҮШІН ОҚУ - ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫ ӨТКІЗІЛДІ.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ҚР Премьер-министр Ә.А.Смайыловтың 2023 жылғы 27 сәуірдегі №15—11/Б-272 тапсырмасына және Қызылорда қаласы білім бөлімінің 16.05.2023ж №1492 қатынас хатына сәйкес №280 орта мектебінде терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру мақсатында педагог қызметкерлерге, техникалық қызметкерлерге, 1-ші және 2-ші ауысымда оқитын оқушыларға түсіндірме жұмыстары мен оқу-жаттығу жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/b1ix8QDMbCMnQoyr/>

ҚАУІПСІЗДІК САҒАТЫ

22.05.2023 күні № 280 орта мектебінде Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар басқармасының Азаматтық қорғаныс офицері Лейтенант Б.Бижұма және Қызылорда облысының "ӨСЖАҚЖҚ"ММ жедел құтқару жасағының сүңгуірлік-құтқару бөлімше басшысы Р.Абдіхалықовтің қатысуымен жаз мезігінде судағы қауіпсіздік және зардап шеккен адамға көмек көрсету тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/wHMmVNWJrN7Sqge5/>

БАЛА ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі облыс әкімінің орынбасары Н.Сақтағановпен бекітілген 1-12 маусым аралағында "Баланың еңбегін қанауға қарсы күрестің 12 күн" Ұлттық ақпараттық науқанының өңірлік іс-шараға байланысты көптеген жұмыстар атқарылды. БАҚ-та балалар еңбегінің ең нашар түрлерінің алдын алу бойынша мақалалар жарияланды. Республикалық және облыстық арналарда отбасылық құндылықтар мен бақытты балалық шақты насихаттайтын бейнероликтер көрсетілді.

<https://www.facebook.com/share/p/rh5PjeR4M5maLqu2/>

№280 орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылындағы «Түнгі
рейд» жұмыстарының ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы

30 желтоқсан, 2022 ж.

Күн тәртібінде:

1. «Түнгі қаладағы балалар» атты профилактикалық іс-шараның
қорытындысы жайлы

Тыңдалды:

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Прманов – жетекшінің айының мерекелік күндері және қысқы каникул уақытында «Түнгі қаладағы балалар» атты профилактикалық іс-шара аясында мектеп қызметкерлері мен ата-аналар комитеті және мектеп инспекторымен бірлесіп жасөспірімдердің тарапынан жасалатын қылмыстардың алдын алу және болдырмау, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта бейсауыт жүрмеуін қадағалау мақсатында рейдтердің кестесі жасалып, мектебімізге қарасты мөлтекауданда рейдтер жүргізілді. Рейд барысында Досан ауылында орналасқан көлік жуу пункті, дүкендер маңында түнгі уақытта жүрген жасөспірімдер анықталмады.

Қаулы етеді:

1. «Түнгі қаладағы балалар» атты профилактикалық іс-шараның қорытындысы қанағаттанарлық деп табылып, түнгі рейд жұмыстарын одан әрі жандандыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Прмановқа жүктелсін.

Мектеп директоры



Хатшы

Ж.Кумекбаева

И.Садықова

№280 орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылындағы «Түнгі рейд» жұмыстарының ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы

26 қыркүйек, 2022 ж.

Күн тәртібінде:

1. «Түнгі қаладағы балалар» атты профилактикалық іс-шараның қорытындысы жайлы

Тыңдалды:

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Прманов - 19.09.2022-23.09.2022ж аралығында «Түнгі қаладағы балалар» атты профилактикалық іс-шара аясында мектеп қызметкерлері мен ата-аналар комитеті және мектеп инспекторымен бірлесіп жасөспірімдердің тарапынан жасалатын қылмыстардың алдын алу және болдырмау, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта бейсауыт жүрмеуін қадағалау мақсатында рейдтердің кестесі жасалып, мектебімізге қарасты мөлтекауданда рейдтер жүргізілді. Рейд барысында Досан ауылында орналасқан көлік жуу пункті, дүкендер маңында түнгі уақытта жүрген жасөспірімдер анықталмады.

Қаулы етеді:

1. «Түнгі қаладағы балалар» атты профилактикалық іс-шараның қорытындысы қанағаттанарлық деп табылып, түнгі рейд жұмыстарын одан әрі жандандыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Прмановқа жүктелсін.

Мектеп директоры



Хатшы

Ж.Кумекбаева

И.Садыкова

№280 негізгі мектебі бойынша 2021-2022 оқу жылындағы «Түнгі рейд» жұмыстарының ХАТТАМАСЫ

Қызылорда қаласы

7 сәуір, 2022 ж.

Күн тәртібінде:

1. «Түнгі қаладағы балалар» атты профилактикалық іс-шараның қорытындысы жайлы

Тыңдалды:

1. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Прманов - Облыстық білім басқарамасының 2022 жылғы 1 сәуіріндегі №1-30-26/2861-И санды қатына сәйкес мектебімізде 1-7 сәуір аралығында «Түнгі қаладағы балалар» атты профилактикалық іс-шара аясында мектеп қызметкерлері мен ата-аналар комитеті және мектеп инспекторымен бірлесіп жасөспірімдердің тарапынан жасалатын қылмыстардың алдын алу және болдырмау, кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта бейсауыт жүрмеуін қадағалау мақсатында рейдтердің кестесі жасалып, мектебімізге қарасты мөлтекауданда рейдтер жүргізілді. Рейд барысында Досан ауылында орналасқан көлік жуу пункті, дүкендер маңында түнгі уақытта жүрген жасөспірімдер анықталмады.

Қаулы етеді:

1. «Түнгі қаладағы балалар» атты профилактикалық іс-шараның қорытындысы қанағаттанарлық деп табылып, түнгі рейд жұмыстарын одан әрі жандандыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Прмановқа жүктелсін.

Мектеп директоры



Хатшы

Handwritten signature of Zh. Kumbayeva
Handwritten signature of I. Sadikova

Ж.Кумекбаева

И.Садықова